



№ 5 сайлау округі бойынша шыққан депутаттың орнына аудандың мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 ақпандағы N 44 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 1 наурызда N 13-3-127 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы N 85 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық әкімдігінің 2011.03.28 N 85 Қаулысымен

1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» № 2464 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабы 6-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- № 5 сайлау округі бойынша шыққан депутаттың орнына аудандық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар қоса берілген тізімге сәйкес белгіленсін.
- Осы қаулы бірінші ресми басылымға шыққан күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Тоқтасын

К е л і с і л д і :

*А й ы р т а у а у д а н д ы қ
а у м а қ т ы қ с а й л а у*

комиссиясының төрағасы

Е. Мерғасымов

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1 8

а қ п а н д а ғ ы

№ 44 қаулысына қосымша

№ 5 сайлау округі бойынша шыққан депутаттың орнына аудандық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар тізімі

№ р/н	Елді мекендердің атауы	Ақпараттық стендтерді орналастыру орындары
Антоновка селолық округі		
1	Комаровка селосы	«Ашимова» ЖК дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)

2	Ақан-сері ауылы	Рәміш Айбарша жекеменшік үйінің жанында (келісім бойынша)
3	Лавровка селосы	пошта ғимаратының жанында
4	Жұмысшы селосы	«Умышев» ЖК дүкені ғимаратының жанында (келісім бойынша)
5	Тереңкөл селосы	медициналық пункт ғимаратының жанында
Володар селолық округі		
6	Саумалкөл селосы	«Балалар әлемі» дүкені ғимаратының жанында, Достық және М.Янко көшелерінің қилысында (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК